

«Бекітемін»

«Балаларды ерте дамыту
институты» РММ
директоры



М.Е. Адамова
2022 ж.

**Балалардың, ата-аналар мен педагогтердің қатысуымен
«Ән шырқайық бәріміз» атты патриоттық әндерді хормен айту
челленджін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Ән шырқайық бәріміз» челленджін (бұдан әрі – Челлендж) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Челлендж «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1.3 **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру, музыкалық-көркемдік мәнерлілік құралдарымен ұлағатты тарихымыз бен Отанымыздың жетістіктерін насихаттау.

1.4. Міндеттері:

- челленджге қатысушы отбасыларды мектепке дейінгі жастағы балалардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша белсенді жұмысқа тартуға ықпал ету;

- балалар мен ересектердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

- балалардың туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

2. Челленджді ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

1.3. Челленджді ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалық және астананың білім басқармалары, аудандық бөлімдер.

2.2. Челленджге мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен тәрбиеленушілері қатысады, ата-аналар (заңды өкілдері) да қатысуы мүмкін.

2.3. Челлендж бір кезеңде өтеді.

2.4. Бейнероликте қатысушының мектепке дейінгі ұйым атауы және өңірін көрсету қажет.

2.5. Ролик челленджді өткізу кезеңінде қатысушының Instagram желісіндегі жеке аккаунтында #Әншырқайықбәріміз хэштегімен орналастырылуы тиіс.

2.6. Жалған, жабық аккаунттар және жазылушылар саны 5-тен кем аккаунттар қатысуға қабылданбайды.

2.7. Барлық бейнероликтер Instagram желісінде челлендж хэштегтерін көрсетумен орналастырылады. Хэштегсіз роликтер (дұрыс көрсетілмеген хэштегтер) қатысуға қабылданбайды.

2.8. Instagram-да @doshkola_kz аккаунтына жазылу міндетті.

2.9. Бір ұжымнан тек бір ғана бейнеролик қабылданады.

2.10. Челленджді өткізу мерзімі: **2022 жылдың «01» желтоқсанынан бастап «15» желтоқсанға дейін.**

3. Бейнероликке қойылатын талаптар

3.1. Челленджге қатысушы ұзақтығы 1 минуттан аспайтын патриоттық әннің хормен орындалуының бейнеролигін жазады.

3.2. Ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнеролик қаралмайды.

3.3. doshkola_kz парақшасының Direct-ке жіберілген бейнероликтер қабылданбайды және қарастырылмайды.

4. Бағалау критерийлері

4.1. Бейнеролик келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- жас ерекшеліктеріне, орындаушылық, шығармашылық мүмкіндіктеріне сәйкестігі;

- вокалдық деректер: интонация тазалығы, дыбысталу сапасы;

- сыртқы келбеті мен сахналық мінез-құлқының сәйкестігі;

- музыкалық сүйемелдеу сапасы, бейне эффекттері.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Челлендж қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;

- II орын;

- III орын.

1 орын – бейнероликке ең көп комментарийлер жинаған аккаунт жеңімпаз болып саналады.

2 орын – бейнероликке ең көп лайк жинаған аккаунт жеңімпаз болып саналады.

3 орын – ең көп қаралған аккаунт жеңімпаз болып саналады.

Ескерту. Бейнероликке ең көп комментарийлер, лайк және қаралым жинаған аккаунттың санын санау барысында бағалау критерийлеріне сәйкестігі ескеріледі (4-тармақ)*

5.2. Жеңімпаздар Институттың дипломдарымен марапатталады.

5.3. Челлендж қорытындысы мен жеңімпаздардың материалдары Институттың <http://irrd.kz> сайтында жарияланатын болады және әлеуметтік желілер парақшаларына орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 28-09-50